Нөмірі: KZ23VDC00044083
Күні: 14.12.2015

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» Мемлекеттік Мекемесі

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
Государственное учреждение «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования» Актюбинской области

030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан данғылы 40,
☎: 8(7132) 55-09-30, факс: 8(7132) 55-09-34
e-mail: nedra2004@inbox.ru

030010, город Актобе, пр..Абилкайыр хана 40,
☎: 8(7132) 55-09-30, факс: 8(7132) 55-09-34
e-mail: nedra2004@inbox.ru

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы»ММ

«Ақтөбе облысының 10 ауылын, соның ішінде: Алға ауданының –Еркінкүш, Күлтабан, Құмсай, Көктоғай, Тікқайын; Мәртөк ауданының-Покровка, Дмитриевка; Темір ауданының- Ащысай, Сарытоғай; Ақтөбе қаласының -№39 разъезд ауылдарын жер асты сулары қорымен қамтамасыз ету үшін іздестіру-барлау жұмыстары» жұмыс жобасына Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы

«Ақтөбе облысының 10 ауылын, соның ішінде: Алға ауданының –Еркінкүш, Күлтабан, Құмсай, Көктоғай, Тікқайын; Мәртөк ауданының-Покровка, Дмитриевка; Темір ауданының- Ащысай, Сарытоғай; Ақтөбе қаласының -№39 разъезд ауылдарын жер асты сулары қорымен қамтамасыз ету үшін іздестіру-барлау жұмыстары» жұмыс жобасын «Akpan Oil & Gas Services»ЖШС әзірленген.

«Қоршаған ортаға әсерін бағалау (ҚОӘБ)» жобасын «Akpan Oil & Gas Services»ЖШС әзірлеген.

Жоба материалдарының тапсырушысы: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы»ММ.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қарастыруына «Ақтөбе облысының 10 ауылын, соның ішінде: Алға ауданының –Еркінкүш, Күлтабан, Құмсай, Көктоғай, Тікқайын; Мәртөк ауданының-Покровка, Дмитриевка; Темір ауданының- Ащысай, Сарытоғай; Ақтөбе қаласының -№39 разъезд ауылдарын жер асты сулары қорымен қамтамасыз ету үшін іздестіру-барлау жұмыстары» жұмыс жобасы ұсынылды.

Мемлекеттік экологиялық сараптама өткізу туралы БАҚ хабарландыру;

Материалдар қарастыруға №8907 хатпен 2015 жылы 04 желтоқсанда түсті.

Жалпы мағлұматтар

Жобада Ақтөбе облысының 10 ауылын, соның ішінде: Алға ауданының –Еркінкүш, Күлтабан, Құмсай, Көктоғай, Тікқайын; Мәртөк ауданының-Покровка, Дмитриевка; Темір ауданының- Ащысай, Сарытоғай; Ақтөбе қаласының -№39 разъезд ауылдарын жер асты сулары қорымен қамтамасыз ету үшін іздестіру-барлау жұмыстары қарастырылған.

Еркінкүш ауылының суды тұтыну мөлшері-67,2 $м^3$/тәуілік немесе 0,8$дм^3$/с. Алабас ауылы М-40-XXII бетінің ауданында орналасқан. Ұңғыманың жобалық тереңдігі-100,0 метр. Бұрғылаудың жалпы көлемі-200,0 п.м.

Күлтабан ауылының суды тұтыну мөлшері-62,65 $м^3$/ тәуілік. Ауыл Сарықобда өзенінің сол жағалауында. М-40-XV бетінің алаңында орналасқан. Бұрғылаудың жалпы көлемі-60 п.м.

Құмсай ауылының суды тұтыну мөлшері-76,3 $м^3$/тәуілік немесе 0,9 $дм^3$/с. Ауыл М-40-XXI бетінің аумағында орналасқан. Іздестіру және барлау ұңғымасының жобалық тереңдігі 70,0 метр. Бұрғылаудың жалпы көлемі-140,0 п.м.

Көктоғай ауылыының суды тұтыну мөлшері-113,4 $м^3$/тәуілік. Бұрғылаудың жалпы көлемі-200,0 п.м.

Тікқайын ауылының шаруашылық-ауыз су тұтыну мөлшері-121,45 $м^3$/ тәуілік құрайды.

Іздестіру-барлау ұңғымаларының тереңдігі-30,0 метр. Бұрғылаудың жалпы көлемі-210,0 п.м.

Покровка ауылының шаруашылық-ауыз су тұтыну мөлшері-86,1 $м^3$/ тәуілік немесе 1,0 $дм^3$/с құрайды. Жұмыс ауданы М-40-IX бетінің Қызылсай өзенінің оң жағалауында орналасқан.Ұңғыма тереңдігі- 45,0 метр.

Дмитриевка ауылының шаруашылық-ауыз су тұтыну мөлшері-87,15 $м^3$/ тәуілік немесе 1,0 $дм^3$/с құрайды. Ауыл М-40-IX бетінің ауданында орналасқан. Бұрғылаудың жалпы метражы 140,0 п.м құрайды.

Ащысай ауылының су тұтыну көлемі-95,9 $м^3$/тәуілік құрайды. Ауыл М-40-XXI бетінің орталық бөлігінде орналасқан. Барлау және іздестіру ұңғымасының жобалық тереңдігі 100,0 метр. Бұрғылаудың жалпы көлемі-200,0 п.м.

Сарытоғай ауылының шаруашылық-ауыз суды тұтыну мөлшері-77 $м^3$/тәуілік немесе 0,9 $дм^3$/с. Ауыл Ойыл өзенінің сол жағалауында М-40-XXVII бетінің алаңында орналасқан. Бұрғылаудың жалпы көлемі-75,0 п.м.

№39 разъезд ауылының суды тұтыну көлемі-69,3 $м^3$/тәуілік немесе 0,8 $дм^3$/с. Құрайды. Елді-мекен пункті М-40XVI бетінің ауданында Ақтөбе-Яйсан бағындағы теміржолдың сол жағында орналасқан.

Кен орында келесідей жұмыстар жүргізіледі:

- Техникалық, санитарлық-гидрологиялық және экологиялық зерттеулер;
- Бұрғылау жұмыстары;
- Тәжірбиелік- сүзгілеу жұмыстары;
- Топогеодезиялық жұмыстар;
- Режиімдік бақылаулар;
- Сынама алу және зертханалық жұмыстар;
- Камеральды жұмыстар;
- Уақытша ғимараттар салу.

Жобада объектінің технологиялық және құрылыс шешімдері, объект орналастырылатын ауданының климаттық сипаттамалары жөнінде қысқаша мәліметтер келтірілген.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау

Объектінің барлауға дейінгі кезеңде атмосфералық ауаға ластаушы заттектер шығару көздеріне – ЛБУ-50-04 бұрғылау қондырғысы, БА-15Н бұрғылау қондырғысы, КВ 12/12 компрессоры, ДЭС-30, ЭО-3323 маркалы экскаватор, топырақтың құнарлы қабатын кесіп алу және бұрғылау жұмыстары жатады.

Барлауға дейінгі кезеңдегі жұмыстары кезінде атмосфералық ауаға бөлінетін ластаушы заттардың шығарындылар мөлшері - 4.6667124613т/жыл құрайды.

Атмосфералық ауаға шығарылатын ластаушы заттардың нормативтері 1 қосымшада берілген (12 бетте). Осы МЭС қорытындысы аталған қосымшасыз жарамсыз.

Жер асты және жер үсті суларына әсері

Жобаланған объектідегі су ресурстардың әсері, ағынды сулардың ластану дәрежесіне байланысты және олардың жергілікті тазарту құрылыстарында тазартылуынның мүмкіндігі бойынша, су ресурстарын тиімді пайдалану бағамен анықталады.

Барлауға дейінгі кезеңде өндірістік қажеттіліктер үшін су жақын орналасқан елді-мекен пунктінің колонкаларынан тасымалданып әкелінеді. Ауыз су бөтелкелермен тасымалданып әкелінеді.

Барлауға дейінгі кезеңде ағынды сулар кәріз жүйесіне ағызылады.

Барлауға дейінгі кезеңдегі жұмысшылар саны-9 адам.

Барлауға дейінгі кезеңдегі жалпы су мөлшері – 243 $м^3$/жыл.

Барлауға дейінгі кезеңдегі ағынды сулардың мөлшері – 243 $м^3$/жыл.

Объектінің құрылысы мен пайдалануы кезінде жер асты, жер үсті суларының ластануы күтілмейді.

Топыраққа, өсімдіктер және жануарлар әлеміне әсері

Жобаны жүзеге асыру барысында топырақ қабатына, өсімдіктер және жануарлар әлеміне қайтарылмайтын кері әсерлер күтілмейді.

Қалдықтар

Барлауға дейінгі кезеңде пайда болатын қалдықтар түріне жататындар: қатты тұрмыстық қалдықтар, құрылыс қалдықтары.

Келтірілген есептерге сәйкес, құрылыс кезінде пайда болатын өндіріс және тұтыну қалдықтарының көлемі **21,53 т/жыл** құрайды.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтері

Қалдықтардың аты	Пайда болуы, т/жыл	Орналастыру, т/жыл	Шеттегі мекемелерге шығару, т/жыл
Барлауға дейінгі кезең			
Жасыл қауіптілік деңгейі			
Қатты тұрмыстық қалдықтар	1,05	-	1,05
Құрылыс қалдықтары	20,48	-	20,48
Барлығы	**21,53**		**21,53**

Пайда болатын барлық қалдықтар әрі қарай жою үшін арнайы кәсіпорынға келісім шарт бойынша жіберіледі. Тұрмыстық қатты қалдықтар контейнерлерге жиналып, ҚТҚ полигондарына келісім-шартқа сай жіберіліп отырады. Құрылыс қалдықтары уақытша арнайы алаңда жиналып, арнайы кәсіпорынға тапсырылады.

Физикалық әсер ету

Физикалық факторлар әсері объектілердің құрылыс алаңдары шектерімен шектелген. Құрылыс объектісінде айқын байқалатын физикалық факторларға шу әсерлері жатады.

Қорытынды

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мемлекеттік экологиялық сараптамасы «Ақтөбе облысының 10 ауылын, соның ішінде: Алға ауданының –Еркінкүш, Күлтабан, Құмсай, Көктоғай, Тікқайын; Мәртөк ауданының-Покровка, Дмитриевка; Темір ауданының- Ащысай, Сарытоғай; Ақтөбе қаласының -№39 разъезд ауылдарын жер асты сулары қорымен қамтамасыз ету үшін іздестіру-барлау жұмыстары» жұмыс жобасына **келісімін береді.**